



БҰЙРЫҚ

Ержанов Аманжол
Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ *23*
город Караганда

«СарыАрка Логистик» ЖШС банкроттық басқарушысын тағайындау туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 15-бабының 2- тармақшасына сәйкес, «СарыАрка Логистик» ЖШС банкрот деп тану туралы Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2020 жылғы 03 ақпандағы шешімі және 2020 жылғы 19 ақпандағы кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1.«СарыАрка Логистик» ЖШС, БСН 110140000104, банкроттық басқарушысы болып Евгений Радионович Ким тағайындалсын.

2.Евгений Радионович Кимге «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес банкроттық басқарушының міндеттерін орындау жүктелсін.

3.Банкроттық басқарушы Евгений Радионович Ким «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз етсін.

4.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Берешектермен жұмыс басқармасы басшысына А.М. Адамбековке жүктелсін.

5.Осы бұйрық қол қойылған күнен бастап күшіне енеді.

Басшы

К.Оркашбаев